

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС. 1916 ЖЫЛҒЫ МЕРКІ-ШУ БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ

Сарсенбай А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: Исаев З.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

ainur.butinbaeva@mail.ru

1916 жылғы Меркі көтерілісі тарихта өзіндік із қалдырған айтулы оқиға. Көтеріліс және оның жетекшілері, қатысушылар туралы Т. Рысқұлов, М. Тынышпаев, Г. Сапарғалиев, М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс секілді ғалымдардың зерттеулерімен қатар, Т. Қожакеев, Ш. Мұртазаның романдарында, мерзімді баспасөз беттерінде К. Рахымбаев, Ш. Мамасерікова, Қ. Сарымолдаұлы, Б. Дауылбаев, Б. Әбілдаев, Н. Омарғалиев, т.б. шығармаларында көркем әдебиет тұрғысында берілген.

Меркі көтерілісіне қатысушылар Аршынбай, Сатыпалды, Ақылбай, Жылқыбай, Шынбатша, Құсмолла, Қыдырбай, Әлімжаным, Ақкөз батырдың жары Қымбат ана, Ә. Аталықұлы, Ө. Бұланұлы, А. Нартайұлы, Ү. Иманбекұлы, Ш. Қамбарұлы, Б. Әбейқызы, және т.б. атап өтсек, тәуелсіздік жолында күрескен, жылдар бойы есімі тасада қалып келген отандастарымыздың рухын ғана көтеріп қоймаймыз, келер ұрпақ ата-баба ерлігіне қарап бой түзері анық. Жоғарыда есімдері аталғандар 1916 ж. көтерілістің куәгерлері ғана емес, оған тікелей араласқан, сол үшін патшалық билік жүйесі тарапынан кезінде қуғын-сүргін көрген жандар еді. Олардың есімдерін әлі де болса толықтыра түсу қажет, өйткені осы Меркі көтерілісі кезінде үш күн бойы қоршауда болған Луговое және Каменка елді мекендері, луговойлықтар қаншалықты қарсылық танытқандығы туралы әлі де болса толық мәліметтер жоқ. Тек көтеріліске қатысушы Қ. Сүгірұлының «Ақкөз батыр» дастанында: Меркінің айналасы қалың жатқан көлемі әжептеуір ел келеді. Болыстың ең үлкені Досет, Қосет, Луговой, жатқан жері Шөңгер еді. Серігі Қали менен Төрекүл еді, Тасы өрге уағында дөңгеледі. Болысы Қарақыстақ Әбділдаға Төрекүл қозғалма деп сөз береді,- деп жырлай келе, Құлан жерінің өзге тұрғындарының Бұралқы, Қабылбек есімдерін атап өтеді. Әрине, бұл дәйектеуді қажет етеді.

Міне, көтерілістің ашылмаған тұстарының бірі осы деп те айта аламыз. Жағдайдың бұдан әрі шиеленісуінің қиынға соғатынын ұққан әскери губернатор С.А.Геппенер Әулиеата уезі, Мерке өңіріндегі көтеріске байланысты уездегі әскери горнизондарды күшейтудің көтеру қажеттігін айтып, 30-шы тамызда Түркістан генерал-губернаторы Н.А. Куропаткинге мынадай жедел хат жіберіп, жағдайды баяндайды: «Мерке учаскесі приставының мәліметі бойынша өңірде қарауы көтерілісі басталды. Мерке – Пішпек телеграф байланысы үзілген, Меркеден 16 верст жердегі Қорағаты болысынан қазақтардың үлкен тобы Меркеге қарай келе жатыр. Селоның үш жағынан өрт қойылған. Луговой селосы қоршауда. Пристав пен оның күзетшісіне қарсы оқ атылды. Болыстың хатшысы Шелякинді шанышқымен жаралады. Қазақтарға қарсы атылған оқтардан өлгендер мен жаралғандар бар. Кузьминко селосы өрт құшағында. Пристав, Меркеге келе сала қоныстанушы халықты (орыстарды) мүмкіндігінше қаруландырды. Түземдіктердің көңіл-күйі уездің басқа учаскелерінде де бірқалыпты емес. Халық толқуда. Меркедегі көтерілістің бет алысынан жағдайдың бұдан да қиындай түсетінін аңғару қиын емес.

Әулиеата уезі Меркі жеріндегі көтерілістің құрамына келсек, барлық әлеуметтік топтардың өкілдері болғандығын ерекше атап айту қажет. Көтерілісшілердің құрамында байлар да, билер де, болыстар да, старшындар да болды. Бұл оның ұлт-азаттық көтеріліс екенін ашып көрсетеді. Өкінішке қарай, кеңес өкіметі кезіндегі саясат бойынша осы тарихи құбылысты негізінен бай мен кедей арасындағы тартыс деп бұрмалап көрсеткісі келді. Көптеген шығармалардың, естеліктердің жазылуында сол саясаттың салқыны бар екендігін

ендігі жерде ашық айтпасақ, елі, жері үшін қан төккен арыстар аруағына қиянат болады. Мысалы, жоғарыда көтеріліс жетекшісі деп атын атап өткен Ақкөз Қосанов болыс болған. Оның орынбасары Досмайыл Сырғабаев №9 ауылдың старшыны қызметін атқарған. Меркі приставы 1916 жылы 9 қыркүйектегі Әулиеата уезінің бастығына берген рапортында былай деп баяндайды: «Менің болыстығымнан Ақкөз Қосанов (бұрын болыс болған), Досмайыл Сырғабаев (ауыл старшыны), Иманалы Медеуов (болыс), Қонысбай Ақмырзаев, Қырғызбай Тілеуов, Жетпісбай Бағысов, Тұзақбай Шындалин (халық судиясы), Сүттібай, Асылбек Дүзенов, Қожаберген Беделов, Арманбай Бекөв, Көкіш Жакеев, Әбіл Оразбақов, Нүсіпбай Шанбатшаев (ауыл старшыны), Бекбадшаев, Шолпанқұл Ақмалбетов, Тұрғынбай Ақманбетов, Аттыбек Орманбетов, Шары Қоңғыбаев, Сүлеймен Жылысбеков, Абдолла Қазақов, Мырзабай Құттыбеков, Дәуренбек Абдуллаев, Кәрібай Дәнішев, Кәрімбай Нұртыбаев, Қазанбай, Сауранбай Жайылғанов, Тілеш Әтекесов, Кесікбай, Көпұзақ Оңбаев, Жантай Малдыбаев (ауыл старшыны), Сәрсенқұл Оңғарбаев (ауыл старшыны), Тұрысбек Абдуллаев, Жантұрсын Иманбаев, Асылбек Дуанаев, Биназар, Қыдырбай, Қашқымбай» деп жалғасып кетеді [1, 12 б.]. Көтерілістің басшылары болғандар қатарында Нұрбек Қалыбеков, Бошай Мойнақов, Қалмұхамед Танкин және мұғалім Өтегенов сынды азаматтардың болғандығы белгілі.

Әулиеата уезінің бастығы С.Н.Кастальскийдің Сырдария облысының әскери губернаторы А.С. Мадритовке берген түсініктемеде өңірде болған көтерілістер мен олардың басшылары туралы айтады. Онда Нұрбек Қалыбеков деген азаматтың көтерілісшілердің басшысы болғанын, жазалаушы отрядқа шабуылдағанын айта келіп, оның қазір абақтыға жабылғанын хабарлайды.

Көшеней болысында қарсылықты ұйымдаструшылардың бірі бұрынғы халық биі Бошай Мойнақов болған. Ол Әулиеата ауданынан қазақтың ірі байы ретінде тәркіленгендердің әрі жер аударылғандардың бірі еді. Патша жарлығына қарсы дауыс көтеріп, қолына қару алған азаматтың бірі Әулиеата уезінің Арғын болыстығының бұрынғы болысы Қалмұхамед Танкин. Ол ақ патшаның әділетсіз жарлығына алғаш қарсылық көрсетіп, жанына адамдарды топтастырған. Ал осы ауылдың азаматы мұғалім Өтегенов көтерілісшілердің талаптары мен өтініштерін жазып бергені үшін айыпталған. Сонымен көтеріліске басшылық жасағандар саны 38 деп көрсетілсе, тағы бірде 62 адамның аты аталады. Осылардың қатарында аттары аталмағандар 1916 жылдың 29-тамызында Меркі өңірінде болған көтеріліске қатысқан №7 ауылдың тұрғындары Жұмағұл Сүлейменов пен Сейділдә Жабақеев, 11-ауылының тұрғыны Молжігіт Құдабаев. Олардың қылмыстық істерінде Жұмағұл мен Сейділдә №7-ауылдың старшыны Темірбек Ормановты айдалада күтіп алып, қамшымен сабап, шаңырақ тізімін тартып алып, жойып жіберген. Осы оқиғаға дейін ауыл жиынында Темірбек Орманов №7 ауылдан майданның қара жұмысына алынатын азаматтардың аты-жөнін айтып, тізімдегені жазылған.

Меркі ауданының 11-ауылының 44 жасар қазағы Молжігіт Құдабаев [2]. Ол төменгі Тағайдың талы деген жерде болыс Бектен Медеровтың бұйрығымен №11 ауылдың тұрғындарының жиыны болады, жиында ауыл старшыны Дәрібай Рысқұлов патша ағзамның жарлығы бойынша майданға қара жұмысқа 19 бен 43 жас аралығындағы қазақ жігіттерін алу туралы айта бастайды. Осы кезде Молжігіт Құдабаев суырылып алға шығып, бұл жарлықты орындауға болмайтынын, қазақтарды қорлау екенін және патша ағзамның қазақтарды әскерге алмау туралы уәдесін бұзып отырғандығы жөнінде бар дауыспен айтады. Оны атқамінерлер (пятидесятниктер) қақпайлап, сөйлетпеуге тырысқанымен, Молжігітті қолдаушылар көбейіп, оған ойын айтуға мүрсат беру талап етіледі. Бұдан кейін белсенділер жиыннан кетіп қалады. Бұл жиында тізім жарияланбайды. Міне, осы оқиғадан кейін Молжігіт Құдабаевты жасауылдар қамаққа, судьялар сұраққа алады. Барлық құжаттарды заңдастырғаннан кейін Меркі бітімгершілік судьясы құжаттарын Ташкент уездік сотына жолдайды. Өзін Әулиеата түрмесіне айдайды. Бұл құжатта бұдан басқа дерек жоқ. Одан

кейін оның тағдыры қалай болды, немен аяқталды бұл жөнінде құжаттар кездеспейді. Яғни бұл мәселеде болашақта өз зерттеушісін күтіп тұрған басы ашық мәселе екендігін атап айтқанымыз жөн. 2001 жылы Алматының «ҚАЗАқпарат» баспасынан белгілі ғалым Манап Қозыбаевтың басшылығымен шыққан «Ақкөз батыр» кітабында көтерілісшілердің басшыларының тізімінде Молжігіттің аты аталмайды. Осыған қарағанда әлі анықталмаған батырлардың есімі бар екені сөзсіз.

1916 жылғы Меркі көтерілісінің батырларын, оның белгісіз оқиғаларын айғақтау үшін Өзбекстанның архивінде сақтаулы сот құжаттарын парақтасақ көп мәліметтерге қол жеткізген болар едік. Сондықтан да мемлекетаралық келісім жасасып, Өзбекстан мұрағаттарындағы Сырдария губерниясы мен округіне және басқа да құжаттардың көшірмесін алу мәселесін шешу – күн тәртібінде тұрған міндеттердің бірі болса керек. Әрине, көтерілісшілердің нақты санын ешкім дөп басып айта алмасуы мүмкін. Дегенмен көтерілістің уездің төрт учаскесін (Меркі, Шу, Аса, Таулы) түгел қамтығандығын сараптай келіп, олардың саны 10 мыңдай болған деп айтуға толық негіз бар. Сырдария облысындағы алты уезге қарасты 146 болыстықтың 114-інің азаматтары атқа қонды. Қазақтан қара жұмысқа адам алу санына байланысты Мұхамедрахым Жармұхамедұлы деген зерттеуші былай деп жазады: «Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы бекіткен есеп бойынша басында Әулиеата уезінің 43 болысынан 13 мың 104 адам алу жөнінде бұйрық болған. Қазақтардың қарсылығынан кейін бұл сан 22 мыңнан асып кеткен» дейді [3]. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Мадритов пен генерал-адъютант Куропаткин ойына келгенін істеген болып шығады. Бұйрықтың қатаң атқарылуы, Әулиеата уезінің бастығы Н. С. Кастальский мен Меркі приставы Лундиннің ымырасыз әрекеттері елдегі жағдайды одан әрі ушықтыра түсті. Айналып келгенде, осының бәрі халықтың патша билігіне деген ашу-ызасы мен қарсылығын өршітті. Ашынған ел өз еріктерімен қайсар ұлдарының жағына шықты.

Меркі-Шу көтерілістерінің ерекшелігі, мұнда Сырдария облысының Әулиеата уезінің құрамына енген жерлерде қазақ пен қырғыз руларының қатар қоныс тебуіне және Жетісу облысына қарасты Пішпек уезінің көрші орналасуына байланысты, оны жоғарыда келтірілген кестедегі мәліметтер де растайды, көтерілісшілердің құрамы да, басшылары да соған сәйкес болды. Қырғыздардың кейбір ру басылары мен манаптары, белгілі ақсақалдары көтеріліске басшылық та жасаған.

Көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін оған қатысушылар жаппай қуғын-сүргінге ұшырап, қатты жазаланды, мал мен мүлік талан-таражға салынды, ауылдар өртенді. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин көтеріліс болған өңірлердің тұрғындарынан оны ұйымдастырғандардың бәрін ұстап беруін талап етті. Мәселен, жазалаушылар Меркі бөлімшесінде көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, 1916 жылғы 8-қазанда сол өңірдегі түпкілікті тұрғындарды егер олар «бүлік» басшыларын көрсетіп, ұстап бермесе, олардың өздері атылады деп ашық мәлімдеді. Көтеріліске қатынасқан қазақтар мен қырғыздар өзара ақылдаса келіп, 54 адамды (27 қазақ және соншама қырғыз) жазалаушылардың қолына беруге мәжбүр болды. Бүкіл Түркістан өлкесі бойынша әскери-далалық сот пен тергеуге үш мыңнан астам адам берілді, олардың 347-і өлім жазасына кесіліп, 168-і қаторгалық жұмыстар атқаруға бұйырылды, ал 129 адам әртүрлі мерзімдерге сотталып, 228-і түзету лагеріне жіберілді. Қаншалықты қарсыласқандарымен қыркүйек айының ақырында Меркі көтерілісшілері жеңіліс тапты[4].

Ақкөз және ол бастаған көтерілісшілер арманы шындығында 80 жылдан кейін орындалды. 1916 жылғы Меркі көтерілісі, оның басшылары, оның ішінде Ақкөз туралы халық жазушысы Шерхан Мұртаза өзінің Тұрар Рысқұлов туралы «Қызыл жебе» эпопеясында эпизодтық кейіпкерлер ретінде суреттесе, белгілі әдебиетші ғалымдар Темірбек Қожакеев «Үркіншілік» атты хикаясында сомдады. Телефильм түсірілді. Алайда қазақ әдебиетінде Ақкөз Қосанұлының және оның сонынан ерген ержүрек серіктерінің көркем бейнелерін жасаған арнайы кесек туындылар әлі күнге дейін жазылған жоқ. Осы орайда

Торғай қазақтарының көтерілісіне сардарлық еткен Амангелді Имановтың көркем әдебиет пен өнерде жолы болғандығын айтуға болады. Ол туралы дастандар, романдар жарияланып, көркем фильм де түсіріліп, ел арасына кеңінен белгілі болды. Бірақ, сол Амангелді Иманов қолбасшылық еткен көтерілісшілер ақкөз сияқты хан сайлаған болыс Әбдіғаппар Жанбосынов, кейін Кеңес одағының саясатына ашық қарсы шыққан Кейкі батыр Амангелдінің болғандығына қарамастан большевиктік идеологтар тарапынан шетқакпайылық көрді. Амангелді Иманов та Кеңес өкіметі орнаған соң 1919 жылы көктемде азаппен қаза тапқанымен оның артында комиссар Әліби Жангелдин іздеушісі, сұраушысы болса, Ақкөз Қосанұлы сияқты ұлы тұлғаның өзін де, ерлік өнегесін де жақсы білетін Тұрар Рысқұлов жаламен атылып кеткен соң ескерусіз, елеусіз қала берді. Тіпті, тәуелсіздік алған соң да Қазақстан тарихында да Меркі көтерілісі, оның басшылары әлі күнге дейін лайықты бағасын ала алмай келеді[5].

1916 жылғы Мерке-Шу бойындағы ұлт-азаттық көтерілістің анық көрінісінен хабар беретін бірден-бір деректердің бірі-ол Қ.Сарымолдаевтың өзі қалдырған естелік материалдары. Сонау 1926 жылы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығына жазылған осынау бір деректен біраз мағлұмат алуға болады. Қ.Сарымолдаев Меркедегі көтеріліс жайлы: « Восстание 1916 года в Мерке своими основными и непосредственными причинами связано с другими восстаниями этого же года в других районах бывшего Туркестана, губерний джетысуйской и Сырдаринской»[6],-деп баяндайды. Осы бір деректерге қарап бұл өңірдегі көтерілістің ауқымы жағынан да, маңызы жағынан да елеулі орын атқарғанын көруге болады.

Архив құжаттарын ақтара келе Мерке-Шу бойындағы ұлт-азаттық көтерілістің тағы да басқа басшысы болғанын аңғаруға болады. Сөзімнің дәлелі ретінде Меркедегі көтерілістің тағы жетекшісі ретінде Молжігіт Құдабаев жайлы баяндап өтсем.

Аспара болысының басшысы 50 жастағы сауатты Бектен Медеров өзінің берген тергеу деректерінде былай делінеді: « В сентября прошлого года, я по требованию приехавшего в Мерке, управительном начальником поручил предоставить списки наших руководителей происшедших в августа беспорядков, велел пятидесятникам немедленно указать имени и фамилии этих главарей. Пятидесятники №11 аула Джолдыбай Алакуचेков, Иманкул Бегимбетов и Ескары Сатыков указали по своему аула на Молджигита Кудабаева, почетного киргиза, руководителя и вдохновителя беспорядков»[7, 6-б],-делінеді.

Жамбыл облысының архивында осы Молжігіт Құдабаевтың тергеу ісіне байланысты кішігірім дерек бар. Енді Бектен Медеровтың айтқан сөздеріне сүйенсек, қара жұмысқа тізім жасауға, жұмысшыларды жинастыруға, патшалық үкімді оқуға келген адамдардың сөзін бөліп халықты бұйрыққа бағынбауға, тыл жұмысына адам бермеуге үгіттегенде осы Молжігіт Құдабаев делінеді. Бектен Медеровтан басқа елубасы мен ауылбасылардың өздері тергеу кезінде көбінесе осы есімді атаған. Қарапайым халықтың өзі осы бір бұйрықтың таралуына байланысты екі түрлі пікірде болды. Ауылбасылар мен елубасылардың тергеу кезінде бір-бірін ұстап берудегі бірден бір себеп, осы көтерілісті жақтамау, бұйрыққа еріксіз бағынудан болса керек.

Тағы бір көзге елең ете түсетін дерек осы Молжігіт Құдабаевтың тергеу материалдарынан табылды. 1917 жылғы 6 ақпанда сағат 8-дердің шамасында №6 ауылдың сот істері Мерке ауылының тұрғыны Иманқұл Бегимбетов тергеу ісіне тартылған. Өзінің тергеу кезінде берген сөздерінде ол былай дейді: « Я растерялся, так как никогда не допрашивался судебной властью и не помню что говорил, теперь я расскажу Вам чистую правду, как было на самом деле: на сходь, в которым я уже рассказывал на местности не помню Бай-диль-там, Молджигит Кудабаев был там, он первый пост аульного старшины Дарибая Рыскулова, обратился к собравшимся призывал не подчинятся требованиям Высочайшего уезда, убеждал киргиз не состовлять списков и не давать рабочих»[7, 8-б],-дейді. Ал, Иманқұл Бегимбетов өзінің бірінші берген тергеуінде басқаша сөйлеген болатын.

Осыған қарағанда орталық билік жақтан күштеп мойындату мен қысымды көруге болатын сияқты.

1917 жылғы Павел Афанасьев Лундиннің берген тергеу материалдарында да дал осылай айтылады. Оның айтуы бойынша да, қарапайым халықты үгіттеп бұйрыққа бағынбай, қара жұмысқа адам бермеуге шақырған да осы-Молжігіт Құдабаев. Қарапайым халыққа үгіт насихат жүргізіп көндірген соң, көтеріліс басталған уақытта құмды шөлге қашып кеткені баяндалады. Бұл тергеу материалдарының барлығын қарап отырып, барлық найзаның ұшы кінәлі деп есептелген, көтерілістің тұтануына себепкер Молжігіт Құдабаев пен Жентал Алғазыевқа бағытталғанын байқадым.

1917 жылғы Ташкенттің прокуратуралық сот амалдары кезінде Молжігіт Құдабаев пен Жентал Алғазыев тергеу ісіне түседі. Жентал Алғазыевтың тергеу материалдарында: «Спрошенный киргиз №9 аула, той же волости, Джентал Алгазыев, содержащийся при Меркенском арестном доме, не признавая себя виновным, обьеснить то же, что и Джаныкулов, добавив, что во время беспорядков находился в Чалдоварской волости»[7, 5-б],-делінеді. Ал Меркедігі көтерілістің тағы бір басшысы және халықты дүрліктірді дген Молжігіт Құдабаевтың тергеу ісі кезіндегі архив деректерінде: «Спрошенный киргиз №11 аула той же волости Молджигит Кудабает, содержащийся при том же доме, не признавая себя виновным, обьеснил, что и Джаныкулов, добавив, что заболел за 20 дней до беспорядков и лежал в течение ½ месяцев»[7, 3-б],-деп айтылған. Соған қарағанда көтеріліс қаупі сейіліп, басылғаннан кейін көтеріліске қатысы бар адамдарды іздестіру кезінде, соншама адамның куәлігіне қарамастан Молжігіт Құдабаевтың да, Жентал Алғазыевтың да көтеріліске қатысы жоқтығын айтып, жазалаудан қашқанын көреміз. Бұндай жағдайлар 1916 жылғы Меркі мен Шу өңірі, Жетісу айғы, Торғай өңірінде болсын көптеп кездесті. Барлық өңірдегі ұқсастық ол- қай өлке болмасын патша жарлығына туындаған қарсылық. 1916 жылғы көтерілістің 100 жыл болуына байланысты тарихшы екі түрлі көзқараспен, терең түрде ойлай білуі қажет. Мысалы соңғы кезде 1916 жылғы көтерілістің орын алуына негізгі себеп ол қарапайым қазақ халқын ер-азамат сияқты жаудың алдында батырлар сияқты шайқасуға емес, ал дәл тыл жұмысына тарту болғаны халықтың ызасын келтіруі де мүмкін деген пікірлер бар.

Ендігі кезекте Молжігіт Құдабаев пен Ақкөз Қосановтан басқа осы жерде басқа да көтеріліс жетекшілері аталады. Қ.Сарымолдаевтың берген естелік материалдарында Гейтсі отряды кетісімен, көтеріліске деген дайындықты Данияр Мауленбайұлы мен Тоғызбай Шымындыәлі атты азаматтар бастап кеткен. Ал, бірақта Мерке өңіріне қатысты тергеу материалдарында бұл азаматтардың аттары аталмайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Төлегенова Г.Т. 1916 жылғы Меркідегі ұлт-азаттық көтеріліс және оған қатысқан тұлғалар // <http://group-global.org/fr/publications>

2 Рысдәулет М. 1916 жылдың ақиқаттары // <http://www.akjolgazet.kz/>

3 Омашев Н. Ұлт-азаттық көтеріліске жаңаша көзқарас// <http://akikat.kazgazeta.kz/?cat=40>

4 Төлєнова З. 1916 жылғы Меркі көтерілісі және оның жетекшісі Ақкөз батыр хаһында // Scientific E-journal «edu.e-history.kz» № 3 (07)

5 Төлєнова З. 1916 жылғы Меркі көтерілісі және оның жетекшісі Ақкөз батыр хаһында // Scientific E-journal «edu.e-history.kz» № 3 (07)

6 Темірбек Қожакеев /Лениншіл Жас/ Мерке көтерілісі/8 ноябрь 1960/3-бет

7 Жамбыл облысының архивы /Ф-1003, Оп-1, Дело-2, Связка-1